

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«21» қазан 2016 года

2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «БЖЗК» АҚ ағымдағы көрсеткіштері

БЖЗК-ның әрбір 4-ші салымшысы зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты алу тәсілі ретінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдады.

Алматы, Қазақстан – 2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 6,5 трлн. теңгені құрады. 2016 жылдың басынан бері зейнетақы жинақтары 668 млрд.теңгеге немесе 11,5% артты.

2016 жылдың 9 айында түскен зейнетақы жарналарының сомасы 510 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап әскери қызметшілер мен әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2016 жылдың тоғыз айында мұндай қайтарулардың жалпы сомасы 145,7 млрд.теңгені құрады.

2016 жылдың тоғыз айында салымшылардың ЖЗШ-сына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 432,57 млрд. теңге.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында БЖЗК зейнетақы активтері бойынша табыстылық күнсыздандудың 5,6% деңгейінде 7,3% құрады.

«БЖЗК» АҚ сайтына (www.enpf.kz) жүйелі түрде инвестициялық қоржынның құрылымы туралы толық ақпарат орналастырылады және инвестициялық қызметке шолу жасалады.

2016 жылдың 9 айында БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерінің сомасы – 130,45 млрд. теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына аударымдар – 14,61 млрд. теңге.

Барлық шарттардың түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны 10,11 млн.бірлікті, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен 9,66 млн. бірлікті құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 411 мың, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңды құрады.

Бүгінде салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗК-ның 232 дербес қызмет көрсету орталығының бірінен, пошта байланысы арқылы, электрондық пошта арқылы, www.enpf.kz сайтынан немесе ұялы қосымша арқылы ала алады. 2,5 миллионға жуық адам немесе әрбір 4-ші салымшы зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі ретінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдаған. Осылайша 214 мыңға жуық адам үзінді көшірмені электрондық мекенжайға алады және 2,3 миллион адамның сайт арқылы немесе әртүрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Жыл басынан бері ұялы қосымшаны жүктеп алу саны 245 мыңнан астамға артқан және 2016 жылғы 1 қазанда жүктеп алу 357,9 мыңға жетті. Оның ішінде Android платформасындағы қосымшаны 289,6 мың рет жүктеп алған, iOS – 62,2 мың, Windows Phone – 6,1 мың.

2015 жылдың ақпан айында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат (инвестициялық табыс

ескерілген) беру» қызметін іске қосқан сәттен бастап 2016 жылғы 1 қазанға дейін электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 330 мың үзінді көшірме берілген. Салыстырып көріңіз, жыл басында портал арқылы 125 мың үзінді көшірме берілді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz